

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

QAZAQ BiLiMi

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ, ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№12 (63) 2022



Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз
ғашық – тұл, шөкіртсіз ғалым – тұл



**«№180 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Алматы қаласы, Алатау ауданы**

МАЗМҰНЫ

Камила Нұрланқызы, <i>Ғылым жолындағы ұстаздар</i>	3
Акмарал Рысдаулетова, <i>Оқушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру құралы ретінде математиканың міндеттері</i>	6
Гульжахан Торыбаева, <i>Ғылымға бетбұрыс басым</i>	7
Бейбиткуль Киршибаева, <i>Бастауыш сынып оқушыларының жалпы және ұсақ қол моторикасын дамыту</i>	9
Мәлдір Шаймаханова, <i>Шет тілін оқыту процесінде триз арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың тиімді жолдары</i>	10
Сәуле Мансұрова, <i>I am the best</i>	14
Акерке Мергенбай, <i>Ағылшын тілін үйренуде компьютердің рөлі</i>	16
Назымгүл Омиралиева, <i>Пестицидтердің қоршаған орта мен адам денсаулығына әсері</i>	17
Рауан Ибатбекова, <i>Шығармашылық жұмыс</i>	19
Ляззат Оналбаева, <i>Ауа райы және метеорологиялық элементтер</i>	20
Дарига Кыдырбаева, <i>Суды қайдан таба аламыз?</i>	23
Бәкдәулет Төрехан, <i>Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы – сөйлей білу</i>	25
Балмира Нұрмашева, <i>Күнделікті өмірдегі тұрмыстық заттардың ағылшын тіліндегі атаулары</i>	26
Құндыз Жаппарқанова, <i>Есептер шығару / Қалаға саяхат жасау. Саябақ</i>	28
Салтанат Ханафиева, <i>1 - сынып білімалушыларының мектепте оқуға бейімделуі</i>	31
Ұлжалғас Телемисова, <i>«Radlet» виртуалды тақтасының мұғалім жұмысындағы мүмкіндіктері</i>	32
Бану Абикенова, <i>Мұғалімдердің білімін қалыптастыру және оқыту мен оқуды жетілдіру тәсілі</i>	33
Майрагуль Түйешиева, <i>Арифметикалық және геометриялық прогрессиялар</i>	35
Аймереке Нурмагамбетова, <i>1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі</i>	38
Қуан Сәдібеков, <i>Мектеп оқушыларын информатика пәнінен олимпиадаға дайындаудың әдіс-тәсілдері</i>	40
Ершат Махаббат, <i>Жердің жасанды серіктерінің қозғалысы</i>	41

5 мин	Оқушылар жаңа тақырыпқа байланысты тапсырманы орындау ұсынылады. <i>Жұмыстың таныстырылымы</i>	Оқушылар мұғалім жасырған түстерді табу арқылы алдыңғы қадамдарды басады.		
Жаңа білім 20 мин	Электронды көрмеге арнап тоқсан бойы орындаған шығармашылық жұмыстарынан презентация жасау ұсынылады	Оқушылар топ бойынша берілген күзгі көрініс бейнесін берілген материалдар бойынша өз идеяларын қоса отырып композиция жасайды. Топ бойынша жұмыстарын қорғайды.	Дескриптор: - Берілген материалдар бойынша дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет сала алады; -Топпен ақылдаса отырып күзгі композицияны құра алады; -Өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдана алады. -Уақытты тиімді пайдалана алады:	Дәстүрден тыс сурет салу әдісін орындауға арналған материалдар (гупка, түрлі-түсті бояу, пакет)
Бекіту 5 мин	Рефлексия: Сабақтың соңында оқушылар рефлексия жүргізеді: «Қолыңмен көрсет» ▪ Түсінікті әрі қызықты болды ▪ Сабақ үшін рақмет ▪ Өзгелерге көмектесе аламын ▪ Барлығы түсінікті ▪ Маған әзірше қиын ▪ Маған өте қиын.	Оқушылар бірін-бірі бағалайды.		
Кері байланыс 5 мин		Оқушылар қолымен көрсету арқылы кері байланыс береді		



ЛЯЗЗАТ ОНАЛБАЕВА,

№180 жалпы білім беретін мектептің география пәні мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі
Алматы қаласы

АУА РАЙЫ ЖӘНЕ МЕТЕОРОЛОГИЯЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	7.3.2.4 температура, қысым, жел, бұлттылық, жауын-шашын, ылғалдылық метеорологиялық элементтер мен құбылыстарын сипаттап, зерттеу маңыздылығын анықтайды;			
Сабақтың мақсаты	Температура, қысым, жел, жауын-шашын, ылғалдылық метеорологиялық элементтер мен құбылыстарды меңгеріп, метеорологиялық құралдарды анықтайды;			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас тыру Сабақтың басы 1-2минут	Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу, түгелдеу. Оқушыларды ауа-райының құбылыстарының суреттері бойынша топқа бөлу. 1 топ. Жауын-шашын 2 топ. Атмосфералық қысым 3 топ. Ауа температурасы	Оқушылар топқа бірігеді.		Оқулық Суреттер 7 сынып АТЛАС

Өткен білімді еске түсіру 2-10 минут	Үй тапсырмасын тексеру мақсатында «Жасырын ұяшық» әдісі қолданылады. Оқушылар ұяшықтарда жасырылған сұрақтарға жауап береді. 15-Жердің ауа қабығы (<i>Атмосфера</i>) 2 -1756 жылы металды тескен жағдайда ол жерге ауа жиналатынын анықтаған орыс ғалымы (<i>М. В. Ломоносов</i>) 9-Ауаның құрамында азот газының мөлшері (78%) 13-Ауа – райы дегеніміз не? (<i>Белгілі бір жерде болып тұратын атмосфераның жай-күйі</i>) 4-Атмосфераның ең төменгі қабаты (<i>Тропосфера</i>) 18-Атмосфера қабаттарын ата? (<i>тропосфера, стратосфера, мезосфера, термосфера, экзосфера</i>) 6-Ауа-райын зерттейтін мамандар? (<i>Синоптиктер</i>) 19 -Ауаның құрамындағы оттегі газының үлесі (21%) 7 -«Бесінші мұхит» деп атмосфераның қай қабатын атайды? (<i>Тропосфера</i>) 11 -Метеорология ғылымы нені зерттейді? (<i>атмосфера мен оның процестерін зерттейтін ғылым</i>) Оқушыларға үй тапсырмасы бойынша кері байланыс беріледі.	Оқушылар жасырын ұяшықтағы сұрақтарға жауап береді	Бағалау критерийі: Атмосфера қабаттары мен ауа құрамын біледі; «Термометр» әдісі арқылы ҚБ жүргізіледі;	Презентация, Термометр суреттері
11-25 минут	Жаңа сабақты анықтау. - Бүгін далада қандай ауа райы? - Суретте не бейнеленген? - Бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай болады деп ойлайсыздар? Ал, енді сұрақ: Ауа райының негізгі элементтеріне не жатады? Ауа райын құбылыстарын атап берсеңіздер? Осы сұрақтарға бүгін жауап іздеп көрейік. Тапсырма 1. Топтық жұмыс. «Джиксо» әдісі Оқушыларға мәтін таратылып беріледі. 1 топ. Жауын-шашын 2 топ. Атмосфералық қысым. Жел 3 топ. Ауа температурасы Орындаған тапсырмалары бойынша оқушыларға кері байланыс беріледі. Метеорологиялық элементтер мен құбылыстарын анықтайтын құралдар бойынша ақпарат беріледі;	Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді	Бағалау критерийі: Метеорологиялық элементтер мен құбылыстардың ерекшеліктерін біледі; Дескриптор: Метеорологиялық элементтер мен құбылыстарға анықтама береді; Метеорологиялық элементтер мен құбылыстардың түрлерін анықтайды; Метеорологиялық элементтер мен құбылыстардың өлшем бірлігі мен оларды өлшейтін құралдарды анықтайды;	Презентация, Термометр суреттері
25-31 минут	Тапсырма 2. Топтық жұмыс «Материктерге саяхат» Атласпен, картамен жұмыс Топтарға материктер беріледі. Оқушылар сол материктегі жауын-шашынның түсу деңгейін анықтайды. Ең көп және аз түсетін нүктелерін анықтап, картадан көрсетеді; 1 топ. Еуразия 2 топ. Африка 3 топ. Оңтүстік Америка	Оқушылар топқа берілген тапсырманы орындайды. Картамен, атласпен жұмыс істейді	Бағалау критерийлері: Жер шары материктеріндегі жауын-шашын таралу ерекшеліктерін біледі; Дескриптор: Ең көп жауын-шашын түсетін нүктесін (жерін) анықтайды; Ең аз жауын-шашын түсетін нүктесін (жерін) анықтайды; Картадан көрсетеді;	Атлас Карта презентация

31-37 минут	Тапсырманы оқушылармен бірге мұғалім қорытындылап кетеді. Оқушыларға кері байланыс беріледі. Тапсырма 3. Жұптық жұмыс Оқушыларға метеорологиялық құбылыстарды анықтайтын құралдардың суреті беріледі. Оқушылар берілген суреттерді анықтап, өлшем бірлігін жазып, кестені толтырады. <table><tr><th>Ауа райы элементтері</th><th>Өлшем бірліктері</th><th>Метеорологиялық құрал</th><th>Суреті</th></tr><tr><td>Атмосфералық қысым</td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Температура</td><td></td><td>термометр</td><td></td></tr><tr><td>Ылғалдылық</td><td>мм</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Жел</td><td></td><td></td><td></td></tr></table>	Ауа райы элементтері	Өлшем бірліктері	Метеорологиялық құрал	Суреті	Атмосфералық қысым				Температура		термометр		Ылғалдылық	мм			Жел				Әр жұп берілген кестені толтырып, метеорологиялық құралдарды анықтайды.	Бағалау критерийі: Метеорологиялық құбылыстардың өлшем бірлігі мен өлшейтін құралдарды біледі; Дескриптор: -Қысымның, температураның, ылғалдылықтың, желдің өлшем бірлігі мен анықтайтын құралды табады; - суретін анықтайды;	Суреттер, кесте презентация
Ауа райы элементтері	Өлшем бірліктері	Метеорологиялық құрал	Суреті																					
Атмосфералық қысым																								
Температура		термометр																						
Ылғалдылық	мм																							
Жел																								
37-40 минут	Оқушылар жұмыстарын қасындағы жұбымен өзара бағалайды. Тапсырма 4. «Кім жылдам» Картамен жұмыс. 1. Әлемдегі ең ыстық нүкте 2. Әлемдегі ең суық нүкте 3. Әлемдегі ең көп жауын-шашын түсетін нүкте 4. Әлемдегі ең аз жауын-шашын түсетін нүкте 5. Ең ылғалды материк Рефлексия Мұғалім тапсырманың орындалу деңгейін талқылай отырып, сабақ мақсатына оралады. Келесі сабақты жоспарлау үшін оқушыларға сұрақтар қойылады: - нені білдім, нені үйрендім - нені толық түсінбедім Сұрақтар ауызша талқыланады. Сабақ соңында әр тапсырманың бағалау критерийлері бойынша жалпы баллдық жүйемен бағалау. Сабақ соңында оқушылардан «Ауа райы» әдісі арқылы рефлексия алынады; Үй тапсырмасы: География 7 сынып оқулығы. 20 тақырыптағы «Жергілікті желдер» бөлімін мазмұндау. 69-70 бет. Өздерін тұратын аймақтағы жергілікті желдерді жазып келу.	Оқушылар берілген сұрақтардың жауабын береді. Картамен, атласпен жұмыс істейді	Бағалау критерийі: Әлемдегі географиялық нысандардың метеорологиялық ерекшеліктерін біледі; Дескриптор: -Әлемдегі ең ыстық және ең суық жерді анықтайды; -Әлемдегі ең көп және ең аз түсетін жерді анықтайды; -Ең ылғалды материкті анықтайды;	Презентация АТЛАС Физикалық карта																				
Сабақтың соңы. 40-45 минут		Оқушылар сабақ бойынша рефлексия жасап сұрақтарға жауап береді.	Бәрі түсінікті  Кішкене түсінбеген тұстарым бар   Ештеңе түсінбедім	Стикерлер.																				